

ҰБТ БАЛЫН ЕМЕС,ӨЗІҢНІҢ БАҒЫҢДЫ ЖОҒАЛТПА

Сцена 1 – Бөлме, күндіз

Күннің жұмсақ жарығы терезеден түсіп тұр. Үстел басында Дариға кітапқа үңілген. Қолындағы қалам жүйке қысымынан баяу дірілдейді. Бір сәт ол терең күрсініп, көзін кітаптан көтереді.

— (кадрда домбыраға көзі түседі)

Ол баяу қолын созып, домбыраны алып, бір-екі әуен тартады. Әуен бөлмеге жайылып, оның жүзіндегі қысым аздап сейіледі.

Сцена 2 – Телефон және өзінің нәтижесімен көңілі толмау

Кадрда телефон экраны – отбасылық суреттер жылжып өтеді. Күлімдеген ата-анасы, балалық шақтағы бақытты сәттер. Суреттердің арасында TikTok-тан видео ашылады: грант ұтып алған оқушылар, ата-анасының қуаныштан жылаған сәті.

Ішкі монолог (дауыс үстінен):

“Қарашы, бәрі қандай бақытты... Ата-анасы көздеріне жас алып тұр. Сол сәт... сол сәт менің де өмірімде болса ғой. Мама мен папаның жүзіндегі мақтанышты көру... Сол үшін түнде ұйықтамай оқып жүрмін. Кейде шаршаймын, бәрін тастап кеткім келеді... Бірақ олар мені қолдайды. Мен олардың үмітін ақтауым керек. Мен... міндеттімін.”

Сцена 3 – Фокус пен концентрация

Дариға сөрелерді тазалап жүріп, шаң басқан ескі кітап тауып алады. Бір сәт тоқтап, мұқабасын сипайды. Бетін ашқанда ішіндегі қолтаңба көзге түседі. Ол орындыққа жайғасып, кітапты оқи бастайды.

Сцена 4 – Кітапхана

Тыныштық. Кітап сөрелері арасымен жүріп бара жатқан Дариға. Саусақтары кітаптардың жиегін сипап өтеді. Бірнешеуін қолына алып, сөмкесіне салады. Үлкен ойға батып, өзінің ізденісіне көңіл аударады.

Сцена 5 – Дәмхана, түстен кейін

Дариға үстел басында дәптерін ашып отыр. Жанынан даяшы өтеді.

Даяшы: — Сіз не қалайсыз?

Дариға: — Ештеңе... тәбетім жоқ.

Даяшы күліп: — Сізді Жастар ресурстық орталығынан көрген сияқтымын.

Олар бірге отырып, әңгімелесе бастайды.

Сцена 6 – Әңгіме

Дариға: — Кім болатынымды білмеймін... Біреудің өмірімен өмір сүріп кетем бе деп қорқамын.

Даяшы: — Қорықпаңыз. Ең бастысы – өзіңізге адал болу. Сонда адаспайсыз. “Адам өз жүрегін тыңдағанда ғана өмірінің шынайы жолын табады. Арманыңдағы мамандық – тек кәсіби таңдау емес, ол сенің бақытқа апарар бағытың. Басқалардың күткенін емес, өзің қалағанын таңда. Өмір бір-ақ рет беріледі, ал оны өз жолыңмен жүру – ең үлкен жеңіс.”

Дариғаның көзіне сенім ұялағандай...

Сцена 7 – Құрбыларымен кездесу

Кешкі шамдар астында қыздар күлісіп отыр. Дариға бұрынғыдай ашылып, жеңіл дем алады.

Құрбысы Бағдат; Қазір... бәрі өзгерді.

Армандарымыз орындалуы үшін емес, тек бағалану үшін ғана бар сияқты.

ҰБТ-дан өтпесек, бізді ешкім керек етпейтіндей сезілем.

Дариға: Өтпесек те, өмір жалғасады. Бірақ... менің қорқынышым басқа.

Мен өзімді таба алмай қалам ба деп қорқам.

Жоғалып кетем бе, біреудің жоспарының ішінде өмір сүріп кетем бе деп қорқам.

Ғалима: Біз қателесіп, құлап, қайта тұру үшін жаратылғанбыз ғой.

Бірақ бізге оны ешкім айтқан жоқ.

Бізге тек «қателеспе» деп үйретті.

Құрбысы: — ҰБТ – бастысы емес. Сенің ізденісің мен батылдығың маңызды.

Дариға: — Рахмет сендерге... Үстімнен бір ауыр жүк түскендей болды.

Сцена 8 – Анасы және қызы

Қонақ бөлме. Анасы Дариғаның шаршап отқанын көріп, оның уайымын сейілткісі келеді.

Анасы: — Сенің жасыңда мен де сондай болғам. Әрбір балл тағдырды шешетіндей көрінетін.

Дариға: — Ал шешті ме?

Анасы сәл үнсіз қалады.

Анасы: — Жоқ. Тағдырды тест емес, таңдаулар шешеді. Ал таңдауды жүрек жасайды.

Сцена 9 – Қорытынды ішкі монолог

Түн. Дариға үстел басында терезеге қарап отыр. Бетіне ай сәулесі түседі.

"Тест әлі алда. Бірақ мен қазірдің өзінде жеңдім. Қорқынышымды жеңдім. Өзіме сенуді үйрендім. Енді мен тек ата-анамның үмітін емес, өз арманымды арқалап бара жатырмын. Өмір бір параққа сыймайды. Тест – тек бір беті ғана. Баға – сандарда, бірақ өмірдің мәні – таңдауларда. Сынақтар өтеді, ал менің кім екенім – қалады. ҰБТ – өткел, ал өткелден өткеннен кейінгі әлем – менің қолымда."

Дариға өзіне деген сенімділігі артып, хош иісті гүлмен гармонияда отырады. Енді ол өзінің мақсаттарына сенімді қадаммен аттанады.